

<sup>1</sup>Палтөре Ы.М.  <sup>2</sup>Қожабекова Р.С.  <sup>3</sup>Хаслина Б.Х. 

<sup>1,2</sup> Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан

<sup>3</sup>Малайзия халықаралық ислам университеті, Куала-Лумпур, Малайзия

E-mail: <sup>1</sup>yktiyyar@inbox.ru, <sup>2</sup>raushan.kozhabekova@inbox.ru, <sup>3</sup>haslina.h@iiu.edu.my

## АХМЕД ШАУҚИДЫҢ МЫСАЛ ӨЛЕҢДЕРІНЕ ГЕРМЕНЕВТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ

**Аңдатпа.** Ахмед Шауқи (1868-1932) араб әлемінде “*Әмир әш-шу’ара (أمير الشعراء)*” – *Ақындар ханзадасы*” атанған мысырлық танымал ақын. Ол ағартушы, аудармашы, жаңа заманғы араб әдебиетінің негізін қалаушы, жазушы әрі драматург ретінде де мойындалады. Ол Мысырдың ғана емес, жалпы араб халқының жаңа заманғы көрнекті ақындарының бірі, әрі қазіргі араб поэзиясы тарихындағы көркем әдебиет кезеңінің белгілі бір өкілі. Біз осы мақалада мысырлық бір туар ақынның мысал өлеңдеріне тоқталамыз. Ахмед Шауқидың мысал өлеңдері жанрлық түрі жағынан шарттылығы басым қалыптасқан, сондай-ақ ақынның ойын аң-құстың, жан-жануардың іс-әрекеті арқылы тұспалдап беруі. Бұл шығармаларда ақын өмір сүрген кезіндегі қоғамдық өмірдің шындығын баяндайды. Ақын тағылымдық өлеңдерін жазуды Францияда оқып жүрген кезінде өзінің моральдық және саяси-әлеуметтік көзқарастарын білдіру, жерлестерінің отаршылдыққа қарсы көзқарастарын ояту мақсатында жаза бастағандығы айтылады. Бұл қысқа, әрі оқуға жеңіл тілмен жазылған әңгімелер поэзия жанрында жазылған. Ахмед Шауқи мысал өлеңдерінің бір ерекшелігі ол жазу барысында адресатқа түсінікті әрі әсерлі болу үшін орайына қарай Құран аяттарын, мақал-мәтелдер мен арабтың даналық сөздерін ұтымды қолдануында. Бір сөзбен айтқанда, Ахмед Шауқидың мысал өлеңдерінің негізгі бөлігі мұсылмандық дүниетаным аясында жазылған деп тұжырымдауға болады. Мақаланың басты мақсаты – ақынның мысал өлеңдерінің жазылу ерекшелігі мен негізгі идеясын зерттеу. Шауқидің мысал-өлеңдерін қазақ тіліне аударып, оларға герменевтикалық талдау жасау зерттеудің жаңалығы болып табылады. Ал жұмыстың негізгі міндеттерін ақынның мысал өлеңдерін зерделеу арқылы араб халқының мәдениетін тану; ақын өмір сүрген кезеңдегі қоғаммен танысу құрайды. Зерттеудің нәтижесі ретінде араб әдебиетіндегі танымал ақын Шауқидің мысал – өлеңдеріне герменевтикалық талдау жүргізу негізінде араб әдебиетінің ерекшелігі, ақын өмір сүрген кезеңдегі саяси-әлеуметтік мәселелер анықталды. Қарастырылып отырған мәселе шығыстану ғылымының әдебиет саласындағы өзекті тақырыптардың бірі болып табылады.

**Кілт сөздер:** Ахмед Шауқи, араб ақыны, араб әдебиеті, өлең талдау, мысал-өлеңдер, араб поэзиясы, герменевтикалық талдау.

## Кіріспе

Кез келген ұлт әдебиетінде мысал жанрының өзіндік тарихы бар. Мысал жанрында белгілі бір үгіт, тәлім-тәрбиелік мән жатады. Автордың суреттеп жазған бейнесі өмірде болатын шындықты бейнелейді. Мысал соңында оқырманға белгілі бір үгіт, терең тағылымдық мәні бар қорытынды жасалады. Мысалда тобықтай түйін беріледі.

“Мысал – эпостық шығармалардың ішіндегі ең қысқа түрі. Әрқашан сатиралық сипатты, көбіне аң, хайуанат, кейде зат түрлері жазылады да сол арқылы адам бойындағы мін, әлеуметтік ортадағы кемшілік, күлкіге, келекеге, мазаққа айналдырып, сықақпен саналады. Мазмұны бүкпелі болғанымен, идеясыз, астарсыз, ашық, тура, тілі мірдің оғындай өткір, шымшыма, шымыр келеді” (Қабдолов, 2014: 34), – дейді академик З. Қабдолов.

Өлеңмен берілетін тағылымды ойды астарлап жеткізуді мақсат ететін мысал жанрының тақырыбы әртүрлі болуы мүмкін. Сюжеттерінің кейіпкерлері адамдар, жан-жануарлар,

құстар сондай-ақ өсімдіктер болып алмасып отыра береді. Ақын осы жанрды пайдалану арқылы жан-жануарларға тіл бітіріп, өзара сұхбат түрінде қоғамдағы өзекті мәселелерді көтереді, талқыға салады. Көбіне адам баласының бойында кездесетін екіжүзділік, жалқаулық, арсыздық сияқты тағы басқа жағымсыз қасиеттер жануарлардың образы арқылы беріледі.

Мысал түріндегі мұндай жанр сонау ежелгі грек заманынан бастау алса да, араб әдебиетіне енуіне Ахмед Шауқи шығармаларының үлесі, ықпалы айтарлықтай болды.

Ахмед Шауқидің бала кезінен Исмайыл пашаның сарайында өмір сүріп, хедивтің қорғауында болуы, оның ақын ретінде қалыптасуына өз әсерін тигізбей қоймады (Sabri, 1986: 37). Сондай-ақ ақынның сарайдағы қызметі оның білім алуына, ақпараттарды мол игеруіне, Еуропа мәдениеті мен әдебиетіне еркін қол жеткізуіне бірден бір себеп болғаны сөзсіз. Себебі, Ахмед Шауқи Аббас Хедивтің қолдауымен Францияда білім алады. Ахмед Шауқи Францияда жүрген кезінде оған Батыс әдебиеті ерекше әсер етеді. Әсіресе, ол әлемдік әдебиеттегі ежелден келе жатқан дәстүрлі жазушылардың атап айтсақ, әйгілі Лафонтен, Гюго, Ламартин және тағы басқалардың шығармашылығына ерекше қызығушылық танытады. А. Шауқи өзі ұнатқан Еуропа әдебиетінің туындыларын араб тіліне аударма да жасайды. Бұл оның өз шығармаларында батыстық стиль мен бағыттың өзіндік әсерін қалдырды дей аламыз. Ақын жаңа бағыт пен тақырыптарды, тілдік оралымдарды жай ғана қабылдап қана қоймай, қиялына ерік беріп, оларды араб талғамына сай, тегіс мысырлық рухта ұсынды деп толықтай айта аламыз (Al-Rifaii, 2018: 148).

### **Материалдар мен әдістер**

Бұл тақырыпты зерттеу араб поэзиясының тілдік көркемдігін, соның ішінде Шауқидың мысал өлеңдерінің ерекшелігін танып-білуге мүмкіндік береді және мысал – өлеңдерінің қазақ тіліне аудармасы жасалуымен де тәжірибелік маңызы артады. Осы тұрғыдан алғанда, А. Шауқидің мысал өлеңдері арқылы араб халқына тән салт-дәстүр, әдет-ғұрып, түсінік ерекшеліктерді жақыннан тануға мүмкіндік береді.

Араб поэзиясын дамытуға өзіндік үлесін қосқан Ахмед Шауқидің шығармашылығын, оның ішінде мысал өлеңдерін танып-білу, алдағы уақытта қазақ ақындарының шығармаларымен салыстыра отырып зерттеу, екі халық арасындағы мәдени байланыстарды нығайтуға өз септігін тигізеді деп есептейміз.

Зерттеу жұмысы бірнеше кезеңдерді қамтиды. Мысалы, Шауқи шығармашылығындағы мысал – өлеңдер жанры, олардың жазылу ерекшелігі, көркемдік құралдарды қолдану шеберлігі – осы мәселелер жүйелі түрде талқыланды. Талдау барысында осыған дейінгі зерттеуші ғалымдардың әдістемелік еңбектеріне негізделе отырып, сипаттама жасалды, сұрыптау, аудару, герменевтикалық талдау әдіс-тәсілдері қолданылды. Зерттеу нәтижесі – Шауқидың мысал – өлеңдеріне герменевтикалық талдау жүргізу негізінде араб әдебиетінің ерекшелігі, Шауқи өмір сүрген кезеңдегі саяси-әлеуметтік мәселелер анықталды. Сонымен қатар, мақалада Ахмед Шауқидың мысал – өлеңдерін зерделеу арқылы келесі нәтижелерге қол жеткізілді.

Шауқи туралы жалпы мәлімет бере отырып, ақын жайлы зерттеу еңбектерді саралау;

Ақынның мысал өлеңдеріне байланысты еңбектерді зерделеу;

Шауқидың мысал – өлеңдерін қазақ тіліне аударып, оларға мазмұндық талдаулар жасап, ақынның ерекшеліктерін айқындау.

Бұл араб поэзиясы ғана емес, жалпы мысал – өлеңдер жанрын зерттеушілер үшін де құнды ақпарат, талдау жұмысы болады деп сенеміз.

### **Талқылау**

Қоғамда әрдайым даулы пікірталас тудыратын, адамдарды алаңдататын саяси жағдайлар болатыны мәлім. Әрине, бұл мәселелер, белгілі бір жағдайда, жазушы-ақындар

үшін шабыт көзі болып табылып қана қоймай, өте терең философиялық мәнге ие болып, сатиралық шығармалар мен мысалдарды жасауға қызмет етеді. Мысал – өлеңдер жанры бастапқыда фольклордың жауһар туындысы ретінде танылғанымен, кейіннен аңыз-әңгіме айтушылардың теңдессіз үлесі болды. Бұл жанрдың дамуы дербес әдеби жанр ретінде жұртшылықтың назарын аударды. Бұл астарлы әңгімеде қоғамның бар проблемалары мен кемшіліктері, адамдардың келеңсіз әрекеттері болып табылатын адамгершілік және тәрбиелік құндылық жануарлар тілінде бейнелі түрде суреттеу арқылы әшкереленетін болған. Батыстың ертегі жазу дәстүрі аңызға айналған тұлға Эзоптан басталады деген болжамдар бар. Эзоптың есімімен байланысты ең көне мысалдар жинағын б.з.д. 4 ғасырға жатқызады. Сонымен қатар классикалық авторлардың ішінде Эзоптың бағытымен жүрген, Римдік ақын Гораций, грек жазушысы Плутархты, грек сатиригі Лукианды атап өтуге болады (Katsadoros, 2011: 24).

Араб әдебиетіндегі мысал – өлеңдер жанры туралы зерттеу жүргізу барысында, араб зерттеушілерінің пікірлеріне, зерттеу жұмыстарына шолу жасай отырып, оның поэзиядағы орнын, әлемдік әдебиеттанудағы танымын айқындау аса маңызды. Ғылыми мақаламызда араб әдебиетіне байланысты “الجامع في تاريخ الأدب العربي الحديث” еңбегі, араб әдебиетінің сыншысы, тарихшы Шауқи Дайфтің ғылыми зерттеулері, Әл-шейх, Мұхаммад Сабри, Абдул Халаф, Әл-Рифаи, Әбдел Мәжид Әбдулла, Әл-Рифағи сынды Ахмед Шауқиді зерттеуші ғалымдардың еңбектеріне жан-жақты шолу жасалды. Зерттеушілер өз еңбектерінде Шауқидің мысал – өлеңдерін және олардың герменевтикалық жазылу негізін алға тартса, ақынның поэзиясындағы тілдік, мазмұндық, тақырыптық, көркемдік, философиялық алғышарттардың қалай пайда болғанын әлем әдебиеті негізінде саралау орынды болып табылады. Шауқи мен әйгілі француз жазушысы Лафонтеннің арасында үлкен байланыс бар екеніне Шауқидің шығармалары арқылы көз жеткізе аламыз, дара тұлғалардың арасында бейне-бір үйлесімділік бар секілді көрінеді (Daif, 2010: 87). Сонымен қатар, Шауқи өз кезеңінде шығармашылығын дамыту мақсатында батыстың классикалық туындылары мен танымал ақын-жазушыларының еңбектерін оқып, танысты (Esmail, 2003: 27).

### Зерттеу нәтижелері

Араб әдеби сыншыларының пайымдауынша, Шауқидің поэзиясы жанрлық ерекшеліктері жағынан алғанда көп салалы, көп қырлы, жан-жақты болып келеді. Олар тақырыбы, идеялық мазмұны жағынан да аса бай, әр қилы өмір құбылыстарын қамтиды. Ол араб поэзиясында қалыптасқан жанрлық түрлерді молынан пайдалана отырып, жазба әдебиетке жаңа жанрлық үлгілерді де қалыптастырды. Шауқи даналық, махаббат, адамгершілік тақырыптарын қамтитын жеңілдетілген балалар поэзиясын да жазды (Abdel Majid, 1998: 111).

Шауқи шығармаларын оқи отырып, ақынның адамгершілік қасиетінің арқасында әлемнің таза болмысына жақын өте сезімтал тұлға болғанын байқауға болады. Себебі ол туындыларында әрдайым балалық шаққа, сезім мен сұлулық әлеміне саяхат жасауға ұмтылады.

Шауқидің қаламгерлік шеңбері балалар әдебиетін жазуымен кеңейе түсті, өйткені ақын балалардың да өз әдебиеттері болуы керек деп санады. Ақын осы мысал өлеңдерін жазу арқылы жасөспірімнің өз ана тіліне деген қызығушылығын арттырумен қатар, ой-өрісін дамытып және олардың бойындағы адами құндылықтарды шоғырландырады (Esmail, 2003: 14).

Шауқи өзінің “الشوقيات” “Әуи-Шауқият” өлеңдер жинағының кіріспесінде: “Мен әйгілі Лафонтен стиліне сәйкес әңгіме құруда өз ойларымды сынап көрдім... және өркениетті елдердегі ақындар жасөспірім балаларға арнаған секілді, мен де Алланың көмегімен мысырлық балаларға өз туындыларымды арнағым келеді. Бұл шығармаларым арқылы балалар даналық пен әдептілік сабағын алса деген ойдамын” (Shawki, 2005: 6).

Шауқи ақындық шеберлігінің арқасында мысал өлеңдері арқылы сан алуан жан-жануар, аң-құстарды, жәндіктерді іс-қимыл үстінде бейнелеп, тілдестіріп, айтылған жайдан ғибратты түйін түюге және терең мағыналы қоғамдық ой қорытуға шақырған. Ақынның поэтикалық әңгімелері бір қарағанда қарапайым әрі жеңіл көрінгенімен, терең үңілген жанға ғибрат аларлық әрі тартымды етіп құрастырылған. Осындай ғибратты мысалдар мен балалар әңгімесі үлгісінде жазылған ақынның 56 туындысы бар. Олардың біріншісі 1892 жылы «Аль-Ахрам» газетінде жарияланған, “الدیک الهندي و الدجاج البلدي” “Әд-Дийк әл-Хинди уа әд-Дәжәж әл-Баләди”, “Үнді әтеші және жергілікті тауықтар” деп аталып, отарлаушы күштер мен Мысырды аллегориялық рәміз арқылы көрсеткен (Abdulla Khalaf, 2014: 18).

Түпнұсқа мәтіннің мазмұны төмендегідей:

بینا ضعاف من دجاج الريف، تخطر في بيت لها طريف  
إذ جاءها هندي كبير العرف، فقام في الباب قيام الضيف  
يقول: حيا الله ذي الوجوها، ولا أراها أبداً مكرها  
أنتيتم أنشر فيكم فضلي، يوماً، وأقضي بينكم بالعدل  
وكل ما عندكم حرام، علي، إلا الماء، والمنام  
فعاود الدجاج داء الطيش، وفتحت للعلج باب العش  
فجال فيه جولة الملوك، يدعو لكل فرخة وديك  
وبات تلك الليلة السعيدة، ممتعاً بداره الجديد  
وباتت الدجاج في أمان، تحلم بالذلة والهوان  
حتى إذا تهلل الصباح، واقتبست من نوره الأشباح  
صاح بها صاحبها الفصيح، يقول: دام منزلي المريح  
فانتبهت من نومها المشؤوم، مذعورة من صيحة الغشوم  
تقول: ما تلك الشروط بيننا، غدرتنا والله غدرأ بينا  
فضحك الهندي حتى استلقى، وقال: ما هذا العمى يا حمقى؟  
متى ملكتم ألسن الأرباب؟ قد كان هذا قبل فتح الباب

“Кейбір әлсіз ауыл балапандары үйлеріне бас сұғып жатқанда, Үлкен тарақты үнді әтеші келіп, есік жанында қонақ тәрізді тұрды. Ол: “Құдай пәле-жаладан сақтап, ұзақ ғұмыр берсін. Мен сендерге бір күнге қасиетімді тарату үшін Және араларыңда әділдікпен үкім шығару үшін келдім. Маған су мен ұйқыдан басқасының бәріне тыйым салынған». Ұшқалақ балапандар аңдаусызда өзгеге есік ашты. Ал ол болса өзін патша сезініп, әр тауық пен әтешке дұға етті. Ол сол бақытты түнде жаңа үйінің қызығын көрді. Тауықтар тыныш ұйықтап, масқаралық жайлы түс көрді. Таң ағарып атқанда, нұрына елестер иомылды. Қызыл тілді үй иесі оянып: “Мәңгі жаса, сүйікті үйім!”, – деп айқайлады. Тауықтар жаман түс көріп, алаяқтың айғайынан оянды. “Мұндай шарт болған емес арамызда! Сіз бізге опасыздық жасадыңыз!” Әтеш құлағанына күлді де: “Бұл не деген соқырлық, ақымақтар?! Қашаннан бері мырзалардың тілінде сөйлейтін болғансыңдар? Бұл сендер есікті ашпас бұрын болып қойған!”.

Бұл мысал өлеңде автор отарлау саясаты мен Мысыр қоғамындағы жағдайларды бейнелеп берген (Hashem, 2013: 87).

Ақын шығармасының мазмұны сәйкесінше келесі шеңберлерді қамтыған:

1. Саяси маңыздылығы (саясаткерлер мен билеушілерді бейнесі).
2. Моральдық-тәрбиелік мәні (мінез-құлық, тәрбиелік құндылықтар және даналық тақырыбы).
3. Ұлттық маңыздылығы (ұлттық сананың дамуына және отарлау саясатына ұлттық деңгейде қарсылық танытуы).
4. Әлеуметтік маңыздылығы (мысал-өлеңдегі терең астарлы әзілдер). (Su'ad Abdel Wahab, 1987: 219).

Шауқи мысал өлеңдерінің кейіпкерлері ретінде аң-құстарды алады. Мысалы, арыстан – билік пен мықтылықтың, қасқыр – ашкөз билеушілердің, ит – шыншылдық пен адалдықтың, түлкі – алдамшы көріністер мен қулықтың және есек – ақымақтық пен мойынсұнушылықтың символы болып табылады. Сондай-ақ көгершін, көкек, үй құстары да ақынның шығармаларында кездеседі. Дана ақын осы шығармалары арқылы адам бойындағы кемшіліктерді сынап, адалдық, шыншылдық, қайырымдылық сынды жақсы қасиеттерді мадақтап жазған. Мысал өлеңдері арқылы Шауқи рухани құндылықтарды арқау етіп, талғам биігінен көрінуді басты назарда ұстанған. Бұл шығармаларының өзіне тән жанрлық ерекшелігінің барлығы сөзсіз. Қорытындысында әңгіменің тобықтай түйіні тұспалдап берілетін ақынның бұл мысал – өлеңдерінің сипаты әр түрлі болып келеді.

Шауқи өзінің мысалдарында сонымен қатар, ислам тарихындағы танымал тұлғалар мен пайғамбарларды да кейіпкерлер ретінде қолданады. Діни оқиғаларда Сүлеймен және Нұх пайғамбарлар (а.с) Қасиетті Құран Кәрімде айтылғандай, ерекше ілім иелері болып, жан-жануарлардың тілін білгендігі айтылады. Шауқи Құран Кәрімдегі оқиғаларды символикалық тұрғыдан ала отырып, сол оқиғалардың негізінде елдегі болып жатқан оқиғаларды көрсетуге тырысқан (Su'ad Abdel Wahab, 1987: 219).

Шауқи Сүлеймен пайғамбарға (а.с.) арналған мысал өлеңдеріндегі құстардың бейнесін сол кезеңдегі шынайы өмірдегі кейіпкерлерді көрсету үшін символ ретінде пайдаланған. Оларға мысал ретінде Шауқидің келесі “سليمان والهدد” “Сүлеймен пайғамбар және көкек”

Мысал – өлеңін талдап көрелік:

#### سليمان والهدد

وَقَفْتُ الْهُدُودُ فِي بَابِ سُلَيْمَانَ بِذَلِكَ  
قَالَ يَا مَوْلَايَ كُنْ لِي عَيْشَتِي صَارَتْ مُمْلَةً  
مَنْ مِنْ حَبَّةٍ بُرِّ أَحَدَنْتَ فِي الصَّدْرِ غُلَّةً  
لَا مِيَاهَ النَّيْلِ تُرْوِيهَا وَلَا أَمْوَاءَ دَجَلَةٍ  
وَإِذَا دَامَتْ قَلِيلًا قَتَلْتَنِي شَرَّ قَتْلَةٍ  
فَأَشَارَ السَّيِّدُ الْعَالِي إِلَى مَنْ كَانَ حَوْلَهُ  
قَدْ جَنَى الْهُدُودُ ذَنْبًا وَأَتَى فِي اللُّؤْمِ فَعَلَهُ  
تِلْكَ نَارُ الْإِثْمِ فِي الصَّدْرِ وَذِي الشُّكُوى تَعَلَّهُ  
مَا أَرَى الْحَبَّةَ إِلَّا سُرِقَتْ مِنْ بَيْتٍ تَمْلَهُ  
إِنَّ لِلظَّالِمِ صَدْرًا يَشْتَكِي مِنْ غَيْرِ عِلَّةٍ

“Көкек келіп Сүлейменнің есігін қағып, Уа, Мырзам, өмірімді құтқар деді. Өлім аузында менің бұлай қалғаным, Бидай дәнінен болған ба деп ойлады. Ніл мен Тигр суы да оны сөндіре алмас. Әрі қарай жалғасар болса, өліп кетуім де ықтимал. Сол кезде мырзасы маңайына нұсқады, Бұл дәннің құмырсқаның илеуінен ұрланғанын көрем мен. Жауыздың кеудесінде болар әрдайым, Шипасы жоқ аурулар өмір бойы”.

Бұл жолдардан байқап отырғанымыздай, ақын көкек құс бейнесі арқылы арамдық пен ашкөздіктің кеселге итермелеп, бақытсыздыққа апаратынын астарлап жеткізеді. Ашкөздікке салыну – адамның қанағатшылдығын жояды, жүрегін қарайтады.

Шауқидің мысал – өлеңдер жанрына ден қоюының үлкен мәні бар. Моральдық, адамгершілік тағылымын араб қоғамы үшін қажет үлгі деп ұғынды. Адам бойында кездесетін намыссыздық, жігерсіздік, алауыздық, жалқаулық пен жағымпаздық секілді теріс мінездерді сынау ретінде де дана ақын мысал жанрын таңдады деп айтуға болады.

Ақын шығармаларындағы даналық ойлар оның кейіпкерлері арқылы беріліп отырады. Сондай-ақ ақын мысал – өлеңдерін оқырман оңай қабылдау үшін қарапайым әрі жеңіл тілмен береді (Jebri, 1997: 51-52).

Араб-парсы тілдерінде сақталған ежелгі Үнді халқының танымал әдеби ескерткіші “Калила мен Димна” дидактикалық ертегілерінің ішіндегі “Түлкі мен әтеш” ертегісі

Шаукидің мысал – өлеңдерді жазуына көп әсерін тигізеді. Дәл осы ертегіні негізге ала отырып, ақын жасөспірім балаларды алаяқтылық мен алдамшылыққа төтеп беруіне шақырады (Hamda Al-Sheikh, 2006: 60). Расында А. Шаукидің мысал – өлеңдерінде халықаралық сюжеттік жүйенің мазмұны ақын өмір сүрген ортаға бейімделгенін, сол кездегі араб қоғамының саяси-әлеуметтік сұранысына қажетті ойлармен қамтылғанын атап өтуге болады.

Шауки түлкінің бейнесін әдетте барша халыққа танымал, айлакерлік пен қулық сипаты арқылы көрсетеді. Ол дәл осы түлкі жайлы туындысын әйгілі ортағасырлық француз мысалшысы Жан де Лафонтен мысалын негізге ала отырып жазады. Дегенмен, ақынның өзіне тән жазу ерекшелігі де байқалады. Түпнұсқа мәтіннің мазмұны төмендегідей:

#### الثعلب والديك

بَرَزَ الثَّعْلَبُ يَوْمًا فِي شِعَارِ الْوَاعِظِينَا  
فَمَشَى فِي الْأَرْضِ يَهْذِي وَيَسْتَبُ الْمَأْرِينَا  
وَيَقُولُ الْحَمْدُ لِلَّهِ إِلَهِ الْعَالَمِينَا  
يَا عِبَادَ اللَّهِ تَوْبُوا فَهُوَ أَهْفُ التَّائِبِينَ  
وَإِزْهَدُوا فِي الطَّيْرِ إِنَّ الْعَيْشَ عَيْشُ الزَّاهِدِينَ  
وَاطْلُبُوا الدِّيكَ يُؤَدِّنُ لِصَلَاةِ الصُّبْحِ فِينَا  
فَأَتَى الدِّيكُ رَسُولٌ مِنْ إِمَامِ النَّاسِكِينَا  
عَرَضَ الْأَمْرَ عَلَيْهِ وَهُوَ يَرْجُو أَنْ يَلِينَا  
فَأَجَابَ الدِّيكُ غَضْرًا يَا أَضَلَّ الْمُهْتَدِينَ  
بَلَّغِ الثَّعْلَبَ عَنِّي عَنْ جَدُودِي الصَّالِحِينَ  
عَنْ دَوِي النَّيْجَانِ مِمَّنْ دَخَلَ الْبَطْنُ اللَّعِينَا  
أَنْهُمْ قَالُوا وَخَيْرُ الْقَوْلِ قَوْلُ الْعَارِفِينَا  
مُخْطِئٌ مَنْ ظَنَّ يَوْمًا أَنَّ لِلثَّعْلَبِ دِينَا

“الثعلب والديك” “Түлкі мен әтеш” мысал – өлеңінің мағыналық аудармасын келесідей етіп бердік. “Бір күні бетпердесін киіп уағызшының, түлкі шықты әлемді шарлап, айлакерлерді ессіз қарғап. Әлемдердің Раббысы Аллаға мадақ болғай, Ей, Аллахтың құлдары құлшылық қыл, Үңгір адамдарындай тәубе етіңдер. Құстардан ашақ болыңдар, шынайы өмір аскеттердің өмірі, Әтешке айталық, таң намазына бізді оятсын, Ол бізге тақуалардың жіберген пайғамбары. Әтешке әмір келген соң, келіседі деп сенеміз. Сонда әтеш: «Кешіріңіз, тура жолдағылардың адасқаны, Қарғыс атқыр асқазанындағы ата-анамнан, Және менен түлкіге дұғай сәлем жолдаңыз. Ата-бабам айтушы еді жақсы бір сөз, “Түлкіде дін бар деген қателеседі”, деп”.

Шаукидің осы туындысын оқи отырып, оның қаншалықты терең, жүйелі сипатта жазғанына көз жеткізуге болады. Қу түлкінің бейнесі жайлы әр халықтың өзіне тән ертегі-мысалдары барын білеміз, әйтсе де түлкінің айласын сомдаған ақын, оны халқының салт-санасына, түсінігіне тән тілде ерекше шеберлікпен жеткізген (Zalaat, 1994: 168-169). Бұл мысал-өлеңдегі түйін сөз, “Түлкіде дін бар деген қателеседі”, дана ақын ойын қорытындылай келе, ақынның саяси көзқарасының кең екендігін байқаймыз. Автор сол кезеңдегі қоғамдағы кемшіліктерді шебер жеткізе білді. Оқырмандарға жағдайды бағалауға мүмкіндік беру үшін, ащы шындықты жеткізуде сарказмдық сипаттама береді.

Сонымен қатар Шауки ақымақтық, мансапқорлық, құлақ аспаушылықтың салдарынан болатын сипаттарды да атап көрсетеді (Al-Rafii, 2001: 61). Ақын сыртқы көріністің алдамшы екенін, ең алдымен ішкі адал болмысқа, жүрек тазалығына назар салуды жөн санайды. Осы құндылықтарды негізге ала отырып, жалған жарқыраудың соңынан ермеуге шақырады. Бұл сипаттарды біз ақынның “الخفاش وملیكة الفراش” “Жарқанат пен көбелек патшайым” шығармасынан көреміз. Түпнұсқа мәтіннің мазмұны төмендегідей:

الخُفَاشُ وَمَلِكَةُ الْفَرَّاشِ

مَرَّتْ عَلَى الْخُفَاشِ، مَلِكَةُ الْفَرَّاشِ  
تَطِيرُ بِالْجُمُوعِ سَعِيًّا إِلَى الشُّمُوعِ  
فَعَطَفَتْ وَمَالَتْ وَاسْتَضَحَّكَتْ فَقَالَتْ  
أَزَرَيْتَ بِالْغَرَامِ يَا عَاشِقَ الظَّلَامِ  
صِفْ لِي الصَّدِيقَ الْأَسْوَدَ الْخَامِلَ الْمُجَرَّدَا  
قَالَ سَأَلْتُ فِيهِ أَصْدَقَ وَأَصْفِيهِ  
هُوَ الصَّدِيقُ الْوَاقِي الْكَامِلُ الْأَوْصَافِ  
جَوَارُهُ أَمَانٌ وَسِرُّهُ أَيْتَمَانٌ  
وَطَرْفُهُ أَلِيلٌ إِذَا هَفَا الْخَلِيلُ  
يَحْنُو عَلَى الْعُشَّاقِ، يَسْمَعُ لِلْمُشْتَاكِ  
وَجُمْلَةُ الْمَقَالِ، هُوَ الْحَبِيبُ الْغَالِي  
فَقَالَتْ الْحَمَقَاءُ وَقَوْلُهَا إِسْتِهْزَاءُ  
أَيُّنَ أَبُو الْمَسْكِ الْخَصِي ذُو الثَّمَنِ الْمُسْتَرْخَصِ  
مِنْ صَاحِبِي الْأَمِيرِ الظَّاهِرِ الْمُنِيرِ  
إِنْ غَدَّ فَيَمَنْ أَعْرِفْ، أَسْمُو بِهِ وَأَشْرُفْ  
وَإِنْ سُئِلْتُ عَنْهُ وَعَنْ مَكَانِي مِنْهُ  
أَفَاخِرُ الْأَتْرَابِ وَأَنْتَنِي إِعْجَابَا  
فَقَالَ يَا مَلِكُهُ وَرَبَّةَ الْأَرْيَكَةِ  
إِنَّ مِنَ الْغُرُورِ، مَلَامَةً الْمَغْرُورِ  
فَأَعْطَنِي قَفَاكَ، وَامْضِي إِلَى الْهَلَاكِ  
فَتَرَاتُهُ سَاجِرُهُ وَذَهَبَتْ مُفَاجِرُهُ  
وَبَعْدَ سَاعَةٍ مَضَتْ، مِنَ الزَّمَانِ فَاِنْقَضَتْ  
مَرَّتْ عَلَى الْخُفَاشِ مَلِكَةُ الْفَرَّاشِ  
نَاقِصَةً الْأَعْضَاءِ تَشْكُو مِنَ الْقَنَاءِ  
فَجَاءَهَا مِنْهُمْ كَمَا يُضْحِكُهُ مِنْهَا الْبُكَاءُ  
قَالَ أَلَمْ أَقُلْ لَكَ، هَلَكْتَ أَوْ لَمْ تَهْلِكِي  
رُبَّ صَدِيقٍ عَبْدٍ أَبْيَضُ وَجْهِ الْوُدِّ  
يَفْدِيكَ الرَّئِيسَ، بِالنَّفْسِ وَالنَّفِيسِ  
وَصَاحِبِ النُّورِ، فِي الْحُسْنِ وَالظُّهُورِ  
مُعْتَكِرَ الْفُؤَادِ مُضَيِّعَ الْوُدَادِ  
حَبَالُهُ أَشْرَاكَ وَقُرْبُهُ هَلَاكَ

“Жарқанат пен көбелек патшайым” мысал-өлеңінің мағыналық аудармасы келесідей:  
“Топ бастаған көбелек патшайымы, Шырақ іздеп өтті жарқанат қасынан. Ол иіліп, мысқылдап былай деді: Ей, қараңғылықтың әуесқойы, Махаббаттан кемсітілдің бе? Айтшы маған, жалқау, қара, жалаңаш бала. Шынайы махаббатты жақсы білердей, Сұрағаның жай ма достым, еш кідірмей. Ол расында кемел достық иесі, Онымен әрдайым қауіпсіз, сырың да болады жасырын. Ұйқылы көздерімен, жаныңнан өтсе, Ғашықтарға берілер сезім-сырың. Дәлірек айтар болсам, ол шынайы ғашықтар. Ақымақ көбелек сонда мазақ етіп: Арзан бағалы мускус иесі, ханзада, Айқын боп тұр жарық шашқан келбетің. Мен білетін жандардың арасынан, Дәл өзін мақтан ете аламын. Ол жайлы, қарым-қатынасымыз жайында сұрағанда, Құрбыларыммен мақтанамын, тамсанамын. Жарқанат айтты: “Ұлы, патшайым, тақ иесі!” Менменшілді айыптау бекер әурешілік. Ендеше, менен аулақ жүр, өз шаураңмен айналыс. Көбелек оны мазақ етіп, жайына кете барды. Бір сағаттан соң, көз жасын тоқтата алмай, Көбелек өтті, нөкерлері өлген талай. Жарқанат көріп, қасына келді дағы мысқылдап: Тірі ме, әлде өлі ме? Мен саған айтпадым ба? Қара жүзді достардың, пейілі ақ болады, Көшбасшысына жанын беруге барады. Ал жүзі нұрлы, сұлулықтың символы, Бұлыңғыр жүрек, мейірімнен алыс болады, Оның байланысы – тұзақ, жақындасуы – өлім”.

“Жылтырағанның бәрі алтын емес” деген нақыл сөзді еске түсірер болсақ, бұл мысалдағы автордың айтар ойы да осыны меңзейді. Мысал – өлеңнің басты түйіні олшынайы келбет сыртқы көріністе емес, ішкі жан дүниеде екеніне көз жеткізу.

Мысалдың негізгі мақсаты оқырманды сыртқы көріністердің артында жасырынған нәрсені қабылдауға қабілетті мұқият және қырағы көзқарасқа шақырады (Mouneer Sultan, 1997: 245). Сыртқы көрінісі бойынша қарапайым болғанымен, түбінде терең мазмұн жатыр. Автордың шығармада көбелек пен жарқанат бейнесін салыстыруы да өте ұтымды шыққан.

Шауқи “Қарғалар патшасы мен қызметші Нәдур” мысал – өлеңінде ата-бабалардың кейбір наным-сенімдерін ұстанып жүрудің кей кезде қателікке апаратынын айтады. Сондай-ақ әрбір оқиғаның өзіндік шешімі барын нақтылай түсе, адам шешім қабылдас бұрын, бос сөзге бой алдырмай, ойланып барып, қандай жағдай болмасын дұрыс шешім қабылдау керектігіне жол сілтейді. “ملك الغربان وندور الخادم” “Қарғалар патшасы мен қызметші Нәдур” мысал-өлеңінің түпнұсқа мәтіні төмендегідей:

#### ملك الغربان وندور الخادم

كَانَ لِلْغُرْبَانِ فِي الْعَصْرِ مَلِيكٌ ، وَلَهُ فِي النَّخْلَةِ الْكَبْرَى أَرْيَاكُ  
فِيهِ كُرْسِيٌّ ، وَجُدُرٌ ، وَمُهَوِّدٌ ، لَصْغَارِ الْمَلِكِ أَصْحَابُ الْعَهْوِ  
جَاءَهُ يَوْمًا نَدُورُ الْخَادِمِ ، وَهُوَ فِي الْبَابِ الْأَمِينُ الْحَازِمُ  
قَالَ: يَا فِرْعَ الْمُلُوكِ الصَّالِحِينَ ، أَنْتَ مَا زِلْتَ تَحِبُّ النَّاصِحِينَ  
سَوْسَةً كَانَتْ عَلَى الْقَصْرِ تَدُورُ ، جَازَتْ الْقَصْرَ ، وَدَبَّتْ فِي الْجُدُورِ  
فَابْعَثِ الْغُرْبَانَ فِي إِهْلَاكِهَا ، قَبْلَ أَنْ نَهْلِكَ فِي أَشْرَاكِهَا  
ضَحَكَ السُّلْطَانُ مِنْ هَذَا الْمَقَالِ ، ثُمَّ أَدْنَى خَادِمَ الْخَيْرِ ، وَقَالَ:  
أَنَا رَبُّ الشُّوْكَةِ الضَّافِي الْجَنَاحِ ، أَنَا ذُو الْمُنْقَارِ ، غَلَّابُ الرِّيحِ  
أَنَا لَا أَنْظُرُ فِي هَذِهِ الْأُمُورِ ، أَنَا لَا أَبْصُرُ تَحْتِي يَا نَدُورُ  
ثُمَّ لَمَّا كَانَ عَامٌ بَعْدَ عَامٍ ، قَامَ بَيْنَ الرِّيحِ وَالنَّخْلِ خِصَامٌ  
وَإِذَا النَّخْلَةُ أَقْوَى جَذْعُهَا ، فَبَدَأَ لِلرِّيحِ سَهْلًا قَلْعُهَا  
فَهَوَّتْ لِلْأَرْضِ كَالثَّلَاجِ الْكَبِيرِ ، وَهَوَى الدِّوَانُ ، وَانْقَضَ السَّرِيرُ  
فَدَعَا السُّلْطَانُ ذَا الْخَطْبِ الْمَهُولِ ، وَدَعَا خَادِمَهُ الْغَالِي يَقُولُ:  
يَا نَدُورَ الْخَيْرِ ، أَسْعَفَ بِالصِّيَاخِ ، مَا تَرَى مَا فَعَلْتُ فِينَا الرِّيحَ؟  
قَالَ: يَا مَوْلَايَ ، لَا تَسْأَلْ نَدُورَ ، أَنَا لَا أَنْظُرُ فِي هَذِهِ الْأُمُورِ!  
“ملك الغربان وندور الخادم” “Қарғалар патшасы мен қызметші Нәдур” мысал – өлеңінің

мағыналық аудармасы келесі жолдарда: “Баяғы өткен заманда, қарғаларда болған дейді бір патша, Болған екен тағы оның пальма ағашы басында. Бөлмесінде оның болыпты орындық пен кереует. Ханзадаларға арналған патшаның қамалында. Бір күні адал қызметшісі Нәдур келіп, патшасына: “Уа, әділ патшалардың ұрпағы, сіз әлі де насихатты тыңдаушысыз!” Сарайды кенелер жүр айналып, қирата ма деп қорқамыз, Тамырына ұяламай тұрғанда, қарғалар жібергей, құтқарсын! Сұлтан бұл сөзге күлді де, сенімді қызметшісін қасына алып, “Мен, тікеннің иесімін, мықты қанаттарым бар, Желді де бағындырам, білмейсің бе? Ей, Нәдур! Бас қатырып қайтеміз болмашы бір нәрсеге, Қорқатұғын несі бар, қызметіңді бар атқар. Жыл артынан жыл, уақыт өтті зымырап, Жел мен пальма арасында дау туындап. Пальманың діңі күшінен айырыла бастады, Жел оны оңай ғана алды жұлып. Төбедей боп жатты жерде пальма ағашы құлаған, Патша тағы, төсек жатыр әрбір жерде шашылған. Шақырды Нәдур қызметшісін дереу сонда, Сұмдық апаттың боларын кім ойлаған. Әй, Нәдур көмектеспей қайда жүрсің, Көрмейсің бе желдің бізге не істегенін. Уа, мырзам! Нәдурден сұрап қайтесіз, Мен бұл істің білмеймін оң шешімін”.

Ақындар ханзадасы Шауқидің жазған мысал – өлеңдерінде мінез-құлық және моральдық принциптерді қамтитын терең тәрбиелік мәні бар даналыққа толы ой-толғауларды қамтиды (Daif, 2010: 68). Ақын бұл шығармаларында оқырманға айтпағын тура мағынада емес, символдық образ түрінде береді. Ақын ойды тікелей жеткізгеннен гөрі

жанама жеткізудің оқырманға әсері көп болатынын дәлелдей түседі. Әрине бұл мысал-өлеңдер дана ақынның шеберлігін танытары сөзсіз.

### Қорытынды

Талдау барысында Шаукидің мысал – өлеңдері, олардың ішінде “الديك الهندي و الدجاج البلدي” “Үнді этеші және жергілікті тауықтар”, “سليمان والهدد” “Сүлеймен пайғамбар және көкек”, “الثعلب والديك” “Түлкі мен этеш”, “الخفاش ومليكة الفراش” “Жарқанат пен көбелек патшайым”, “ملك الغربان وندور الخادم” “Қарғалар патшасы мен қызметші Нәдур” шығармаларына герменевтикалық талдау жасау арқылы олардың мазмұнын ашып көрсету басты назарға алынды. Герменевтикалық талдау негізінде ақынның мысал – өлеңдерінің түпкі мазмұнын, ондағы оқиға желілері арқылы сол кезеңдегі ұстанымдар, діни наным-сенімдерді, қоғамдағы жағдайларды барынша айқындадық. Мұның барлығы түптеп келгенде, мысал жанрының сонау ерте заманнан бастау алып, ғасырлар бойы әрбір ұлт өкілдерін тәрбиелеуде, бағыт-бағдар беруде маңызының өте зор екенін анықтайды.

Талдауға негіз болған тақырыбымыз мазмұндық талдаумен тікелей байланысты. Сондықтан ұсынылып отырған мысырлық ақын Шаукидің мысал – өлеңдерінің терең тәрбиелік мәні бар екендігін аңғартады. Мұнда терең даналық, білімпаздық, жан-жақтылық секілді сипаттардың бар екендігін байқаймыз. Әрбір мысал-өлеңге мазмұндық аударма жасай отырып, ақынның сөз таңдаудағы талғампаздығына, асқан шеберлігіне көз жеткіздік.

Шаукидің мысал – өлеңдері – өмірлік жағдайларды, шындық пен кейіпкерлерді бақылаудың тамаша бір мектебі тәрізді. Олар өздерінің динамикалық сюжетімен жануарлардың барлық түрлерінен: жәндіктерден, құстардан тұратын басты рөлдегі кейіпкерлерге тән ерекшеліктердің қызықты сипаттамасын қамтиды. Шауки шығармалары оқырманды терең ойландырады. Шауки жиған-терген мәліметтерін үлгі ете отырып, өз ойлары мен тұжырымдарында орынды пайдалана білген.

Талдау барысында ақынның мысал – өлеңдерінің мазмұнын ашып көрсетуде, ең алдымен, ақын өмір сүрген кезеңді саралау, ақынның мысал өлеңдеріне аударма жасау және олардың мазмұнын ашу негізге алынды. Сонымен қатар бұл жайлы сөз еткен зерттеушілердің пікірлері басшылыққа алынды. Талдау барысында филологиялық, философиялық, әлеуметтік, саяси, діни салалардағы пікірлер негізге алынды. Себебі мысал – өлеңдердің мазмұны осы аталған салалармен тікелей байланысты.

Қорытындылай келгенде Шаукидің мысал – өлеңдерінің өмір шындығын суреттеудегі тапқырлығы, сюжеттерді бейнелеудегі шеберлігі, ақиқатты танытып, адамдық сипатты қалыптастырудағы рөлі ақын шығармашылығындағы бірден бір ұтымды белесі деуге болады.

Дана ақын араб халқының XIX ғасырдағы классикалық әдебиеті мен араб әдебиетінің тағдырын байланыстырып, келешегін айқындап кетті.

### Әдебиеттер:

Al-Rifaii, 2018 – *Al-Rifaii, N.* Lyrics in the poetry of Ahmad Shawqi. *Advances in the Social Sciences Research Journal*. – 2018. – Vol.5, №6. – P. 147-158

Daif, 2010 – *Shawqi Daif.* Shawki poet of the Modern Time. Egypt, Cairo: Dar-el-Ma’arif, 2010. – 180 p.

Esmail, 2003 – *Esmail, I.W.* Prospects of modern and contemporary Poetry in Egypt. Egypt, Cairo: Dar el-Gharib, 2003. p.118

Katsadoros, 2011 – *G. Katsadoros.* Aesopian Fables in the European and the Modern Greek Enlightenment. *Review of Europeans Studies* (collection of scientific articles). – 2011. – 3(2). Canada. 111 p.

Khalaf, 2004 – *Abdalla Khalaf.* Poetry of Ahmad Shawki. Lebanon, Beirut: Alam Al-Kutub, 2004. 118 p.

- Қабдолов, 2014 – 3.Қабдолов. Сөз өнері. – Алматы: Өлке баспасы, 2014. – 496 б.
- Zalaat, 1994 – Zalaat, A. Children's literature between Ahmad Shawki and Othman Galal. Al-Wafa library. Egypt, Al-Mansoura: Publishing House of Egyptian Universities, 1994. – 185 p.
- عبد المجيد عبد الله. أحمد شوقي شاعر الانسان. دار المعارف: القاهرة. مصر. 1988. – 120 ص.
- عبد الوهاب. اسلاميات أحمد شوقي. مصر. القاهرة: مكتبة مبدولي. 2012. – 327 ص.
- الرافعي. من وحي القلم. الجزء 3. – بيروت: المكتبة العصرية. 2001. – 279 ص.
- الشيخ حمدة. جذليات التراث في شعر شوقي الغنائي. مصر. القاهرة: المكتبة الجميع الحديث. 2006. – 291 ص.
- جبري. دراسة عن شوقي. – دمشق: دار قتيبة. 1997. – 138 ص.
- منير سلطان. البديع في الشعر شوقي. مصر. الاسكندرية: منشأة المعارف. 1997. – 353 ص.
- صبري محمد. الشوقيات المجهولة. الطبعة الثانية. – لبنان. بيروت: دار المسيرة. 1986. – 240 ص.
- هاشم م.أ. في المدائن الف ليلة و ليلة. الكويت. 2013. – 358 ص.
- شوقي. أحمد شوقي. الشوقيات. لبنان. بيروت: دار الكتاب العربي. – 2003. – 111 ص.

### References:

- Abdel Majeed, 1998 – Abdel Majeed A.A., Ahmad Shawki Sha'er Al-Insaan [Ahmad Shawki Human Poet]. Egypt, Cairo: Dar el-Ma'aref. 120 p. (in Arabic)
- Abdalla, 2004 – Abdalla Kh., Poetry of Ahmad Shawki. Lebanon, Beirut: Alam Al-Kutub. 118 p.
- Abdul-Wahab, 1987 – Abdul-Wahab, S., Islamiyat Ahmad Shawqi. Egypt, Cairo: Maktabat Madbouli. 332 p. (in Arabic)
- Al-Sheikh, 2006 – Al-Sheikh H., Jadalliyat Al-Turath fe She'r Shawqi Al-Ghina'ie [Dialectics of heritage in Shawki's lyrical poetry] Egypt, Alexandria Al-Maktab Al-Jami'e Al-Hadeeth. 291 p. (in Arabic)
- Al-Rafii, 2001 – Al-Rafii M., Min Wahi Al-Qalam [Inspired by the pen]. Beirut: Al-Maktaba Al-Asriya. 279 p. (in Arabic)
- Al-Rifaii, 2018 – Al-Rifaii N., Lyrics in the poetry of Ahmad Shawqi. Advances in the Social Sciences Research Journal, Vol.5, №6. P. 147-158
- Katsadoros, 2011 – Katsadoros G., Aesopian Fables in the European and the Modern Greek Enlightenment. Review of Europeans Studies (collection of scientific articles). 3(2). Canada. 111 p.
- Daif, 2010 – Daif S., Shawqi Poet of the Modern Time. Egypt, Cairo: Dar Ul-Ma'aref. 293 p.
- Esmail, 2003 – Esmail A. Prospects of modern and contemporary Poetry in Egypt. Egypt, Cairo: Dar Ghareeb. 181 p.
- Jabri, 1997 – Jabri Sh., Dirasa aan Shawki [Study about Shawki]. Syria, Damask: Dar Kutaiba. 138 p. (in Arabic)
- Hashem, 2013 – Hashem M.A., Fil-Madaen alf Leila wa Leila [In the towns of One thousand and One Nights]. Kuwait. 358 p. (in Arabic and English)
- Kabdolov, 2014 – Kabdolov Z., Soz oneri [Word art]. Almaty: Olke baspasy. 496 p. (in Kaz.)
- Mouneer, 1997 – Mouneer S., Al-Badi' fish shi'r Shawki [Unique of poetry Shawki ]. Egypt, Alexandria: Manshaat Al-Ma'aref. 353 p. (in Arabic)
- Sabri, 1986 – Sabri M., Al-Shawkiyat al-Majhoula [Unknown poems of Shawki]. 2- ed. Lebanon, Beirut: Dar Al-Massara. 240 p. (in Arabic)
- Shawki, 2003 – Shawki A., Al-Shawkiyat. Lebanon, Beirut: Dar Al-Ketab Al-Arabi. 111 p. (in Arabic)
- Zalat, 1994 – Zalat, A., Children's Literature between Ahmad Shawqi and Othman Galal. Egypt, Al-Mansoura: Al-Wafa library. Publishing House of Egyptian Universities. 185 p.

<sup>1</sup>Paltore Y.M., <sup>2\*</sup>Kozhabekova R.S., <sup>3</sup>Haslina B.H.

<sup>1,2</sup>Nur-Mubarak University of Islamic Culture of Egypt, Almaty, Kazakhstan

<sup>3</sup>International Islamic University Malaysia, Kuala-Lumpur, Malaysia

E-mail: <sup>1</sup>yktiyar@inbox.ru, <sup>2</sup>raushan.kozhabekova@inbox.ru, <sup>3</sup>haslina.h@iiium.edu.my

## A HERMENEUTIC ANALYSIS OF THE FABLE-POEMS OF AHMAD SHAWKI

**Abstract.** Ahmad Shawki (1868-1932) is a famous Egyptian poet, known in the Arab world as “Amir ash-Shu’ara (أمير الشعراء) - the prince of poets”. He is also known as an educator, translator, founder of modern Arabic literature, writer and playwright. He is one of the most famous contemporary poets not only in Egypt, but in the Arab world as a whole, as well as a well-known representative of the period of fiction in the history of modern Arabic poetry.

In this article, we will consider the fable-poems of the Egyptian poet. Ahmad Shawki’s poetic fables are conventional in genre, as are the references to the poet’s thinking through the actions of animals and birds. In these works, the poet describes the realities of social life. The poet began writing didactic fable poems while studying in France to express his moral, political and social views and to awaken the anti-colonial views of his compatriots. These short and easy-to-read stories are written in the genre of poetry. One of the features of the poetic fables of Ahmad Shawki is that he uses the verses of the Koran, proverbs and Arabic words of wisdom in order to be understandable and effective for the address. Based on this, we can conclude that the main part of the fable-poems of Ahmad Shawki was written within the framework of the Muslim worldview.

The main purpose of the article is to study the features and main ideas of the poet’s fable-poems. Translation of Shawki’s fable-poems into the Kazakh language and hermeneutic analysis of them is a novelty of the research. Foremost tasks of the work are to recognize the culture of the Arab people by studying the fable poems of the poet; getting to know the society of the period in which the poet lived. As a result of the research, on the basis of a hermeneutic analysis of the fable-poems of Shawki, a famous poet in Arabic literature, the peculiarities of Arabic literature and the political and social problems of the period of the poet’s life were determined. The subject under consideration is one of the prime themes in the literature field of oriental studies.

**Key words:** Ahmad Shawki, Arabic poet, Arabic literature, analysis of poems, fable poems, Arabic poetry, hermeneutic analysis.

<sup>1</sup>Палторє Ы.М., <sup>2\*</sup>Кожабєкова Р.С., <sup>3</sup>Хаслина Б.Х.

<sup>1,2</sup> Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, г. Алматы, Казахстан

<sup>3</sup> Международнй исламский университет Малайзии, г. Куала-Лумпур, Малайзия

E-mail: <sup>1</sup>yktiyar@inbox.ru, <sup>2</sup>raushan.kozhabekova@inbox.ru, <sup>3</sup>haslina.h@iiium.edu.my

## ГЕРМЕНЕВТИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ БАСЕН-СТИХОТВОРЕНИЙ АХМЕДА ШАУКИ

**Аннотация.** Ахмед Шауки (1868-1932) - известный египетский поэт, известный в арабском мире как “Амир аш-Шуара (أمير الشعراء) - принц поэтов”. Он также известен как просветитель, переводчик, основоположник современной арабской литературы, писатель и драматург. Он один из самых известных современных поэтов не только в Египте, но и в арабском мире в целом, а также известный представитель периода художественной литературы в истории современной арабской поэзии.

В этой статье мы будем рассматривать басни-стихотворения египетского поэта. Стихотворные басни Ахмед Шауки условны по жанру, как и отсылки мышления поэта через действия животных и птиц. В этих произведениях поэт описывает реалии общественной

жизни. Поэт начал писать дидактические басни-стихотворения во время учебы во Франции, чтобы выразить свои моральные, политические и социальные взгляды и пробудить антиколониальные взгляды своих соотечественников. Эти короткие и легкие для чтения рассказы написаны в жанре стихов. Одной из особенностей стихотворных басен Ахмед Шауки является то, что он использует аяты Корана, пословицы и арабские слова мудрости, чтобы быть понятными и действенными для адресата. Исходя из этого можно сделать вывод, что основная часть басен-стихотворений Ахмед Шауки была написана в рамках мусульманского мировоззрения.

Основная цель статьи – изучить особенности и основные идеи басен-стихотворений поэта. Новизной исследования является перевод стихотворных басен Шауки на казахский язык и их герменевтический анализ. А основные задачи работы – познать культуру арабского народа на примере стихов поэта; знакомство с обществом того периода, в котором жил поэт. В результате исследования на основе герменевтического анализа стихотворений Шауки, известного в арабской литературе поэта, определены особенности арабской литературы и политические и социальные проблемы периода жизни поэта. Рассматриваемая тема является одной из актуальных в литературной сфере востоковедения.

**Ключевые слова:** Ахмед Шауки, арабский поэт, арабская литература, анализ стихотворений, басни-стихотворения, арабская поэзия, герменевтический анализ.

Авторлар туралы мәліметтер:

Палтөре Ықтияр Молдатөреұлы – шығыстану ғылымдарының (арабтану) PhD докторы, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің Ғылым және инновация департаментінің директоры, Алматы, Қазақстан

Қожабекова Раушан Санатқызы – корреспондент-автор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің докторанты, әл-Фараби көшесі, Алматы, Қазақстан

Хаслина бинти Хассан – қауымдастырылған профессор, PhD докторы, Малайзия Халықаралық Ислам университетінің Академиялық басқару және қабылдау бөлімі директоры, Куала-Лумпур, Малайзия

Сведения об авторах:

Палтөре Ықтияр – доктор философии (PhD) по востоковедению (арабистика), директор департамента науки и инноваций Египетского университета исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан

Қожабекова Раушан Санатовна – автор для корреспонденции, докторант Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Хаслина бинти Хассан – доцент, доктор философии, директор отдела академического управления и приёма. Международный исламский университет Малайзии, Куала-Лумпур, Малайзия

Information about authors:

Paltore Yktyiar – PhD in Oriental Studies (Arabic studies), Director of Science and Innovation Department at Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Almaty, Kazakhstan

Kozhabekova Raushan – Corresponding author, PhD student at al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Haslina Binti Hassan. – Assoc. Prof. Dr. Director, Academic Management and Admissions Division. International Islamic University Malaysia, Kuala-Lumpur, Malaysia